


«КЕЛІСІЛДІ»  
«Мұғалжар ауданының  
білім белімі»  
ММ әдістемелік кабинеті  
 Г.Қ. Нұрмаганбетова  
«24 » 08 2021 ж.



«БЕКІТЕМІН»  
«Қарлығаш» бебекжай-  
бақшасы»  
МКЕК мендерушісі  
 К.С.Медеуова  
«24 » 08 2021 ж.

## Вариативтік компонент «Өнерлі екен он саусак»

Бағдарламаны дайындаған:  
№12 «Балдырган» ересек тобының тәрбиешісі  
Д.С.Бердешова

Қандығаш қаласы

## **Түсіндірме хат**

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мұсіндеу, қол еңбегі бұлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады.

Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мұсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шындауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқласыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мұсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Алтасына бір рет откізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды антаруга және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауга ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындаиды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев ).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеді қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

**«Өнерлі екен он саусақ»** үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мұсіндеуге, жapsыруга, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шындалап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды менгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын менгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.

Шығармашылық қабілеттері шындалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

**Вариативтік компонент**  
**«Өнерлі екен он саусақ» оқу іс – әрекетінің перспективтік жоспары.**  
**«Балдырган» ересек тобы.**  
**2021 – 2022 оқу жылы.**

<b>р/ с</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Бағдарламалық мазмұны</b>	<b>Колданылатын көрнекіліктер</b>	<b>Сағат саны</b>
1	<b>Ұшактар бүктеу</b>	Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау.	Ұшактың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар	1
2	<b>Аққулар қол енбегі</b>	Қағаздың түрлерімен таныстыру, үқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Ақкудың суреті, картон қағаз, қайши, желім, түрлі-түсті бояулар	1
3	<b>Сиыр сурет салу</b>	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.	Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз	1
4	<b>Паровоз мұсіндеу</b>	Мұсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру.	Сюжетті суреттер, ермексаз	1
5	<b>Әтеш пен бақа жапсыру</b>	Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қию. Қағазben жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.	Желім, қайши, қағаздар, үлгілер, траферат	1
6	<b>Алтын балық қол еңбегі</b>	Қағазben жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.	Балық туралы үлкен суреттер, (тамақ үстінде, қыдырып жүрген)	1
7	<b>Қайық бүктеу</b>	Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазben жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру	Қағаз, қайықтың суреті	1
8	<b>Қашқарғұл (астра) мұсіндеу</b>	Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мұсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.	Қашқарғұлдің суреті, ермексаз	1
9	<b>Арыстан жапсыру</b>	Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.	Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім, қайши	1
10	<b>Аққала</b>	Өз қолымен бүйым жасауға	«Қазақстан	1

	қол еңбегі	қызығушылығын арттыру. Қылп алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.	табиғаты» тақырыптық суреттер	
11	<b>Үйрек мүсіндеу</b>	Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
12	<b>Түймедақ бүктеу</b>	Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.	Тақырыптық суреттер	1
13	<b>Қысқы киім . қол еңбегі</b>	Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі матада, қайшы, желім.	1
14	<b>Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу</b>	Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуга жетелеу.	Тақырыптық суреттер	1
15	<b>Досыма сыйлық мүсіндеу</b>	Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.	Сюжетті сурет, ермексаз.	1
16	<b>Қалампыр қол еңбегі</b>	Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.	Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім.	1
17	<b>Тату жанғя (мүсіндеу)</b>	Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу.	Сюжетті суреттер	1
18	<b>Коныраугүл сурет</b>	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру.	Коныраугүл салынған суреттер	1
19	<b>Кояндар бүктеу.</b>	Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету.	Коянның суреті, түрлі түсті қағаздар	1
20	<b>Молшылық, береке түрлі материалдар</b>	Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сактауға дагдыландыру.	«Күз» туралы суреттер	1
21	<b>Бақа бүктеу</b>	Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.	Тақырыптық суреттер	1
22	<b>Қаздың балапаны қол еңбегі</b>	Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.	Әңгіме желісі бойынша суреттер	1

23	<b>Бақ - бақ қол еңбегі</b>	Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындау.	Тақырыптық суреттер	1
24	<b>Балықтар. мұсіндеу</b>	Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мұсіндеу.	Сюжетті суреттер	1
25	<b>Анамызға сыйлық (кол еңбегі)</b>	Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.	Тақырыптық суреттер	1
26	<b>Гүлдер әлемі сурет</b>	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дәңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қагаз.	1
27	<b>Орманда қол еңбегі</b>	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дәңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Сюжетті суреттер	1
28	<b>Көлде жұзген акку мұсіндеу</b>	Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.	Тақырыптық суреттер	1
29	<b>Қайықша. бүктеу</b>	Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	Қайықшаның суреті	1
30	<b>Конжық (кол еңбегі)</b>	Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.	Конжықтың суреті.	1
31	<b>«Алқаптағы гүлдер» жапсыру</b>	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпак жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Алқаптағы гүлдердің суреттері	
32	<b>Құстар (сурет салу)</b>	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпак жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын терендету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын	Құстардың суреттері.	1

		арттыру.		
33	<b>Жаңбыр</b> (саусақпен сурет салу)	Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуга деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.	Көрнекі суреттер	1
34	<b>Шалғын</b> <b>шөптер</b> (жапсыру)	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.	Сюжетті суреттер.	1
35	<b>Жайлауда</b> (кол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	Сюжетті суреттер.	1
36	<b>Көрме</b> <b>үйымдастыру</b>	Ата-аналармен көрме үйымдастыру		1

**Барлығы**

36